

ЛОГОПЕДИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ МАЗМҰНЫ

Балалардың психологиялық және соматикалық денсаулығын сақтау, мектептің даму бағдарламаларының ерекшеліктерін ескере отырып түзете-дамыта оқытуды ұйымдастыру

Инклюзивті білім берудің қағидалары

- Адамның құндылығы оның қабілеті мен жетістігіне тәуелді емес.
- Әр адам сезінуге және ойлауға қабілетті.
- Әр адамның қарым-қатынас жасауға және тыңдалуға құқығы бар.
- Барлық адамдар бір-біріне мұқтаж.
- Нағыз білім беру тек шынайы қарым-қатынас жағдайында жүзеге асады.
- Барлық адамдар құрдастарының қолдауы мен достығына мұқтаж.
- Өртүрлілік адам өмірінің барлық қырын байытады.
- Инклюзивті мектепте әр бала маңызды тұлға ретінде қабылданады.

ЛОГОПЕДИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ МІНДЕТТЕРІ:

- Сөйлеу тіліндегі кемшіліктерді ерте анықтау
- Дыбыстарды дұрыс қою және машықтандыру
- Сөйлеу тілін дамыту және түзету жұмыстарын жүргізу
- Оқу, жазу дағдыларын қалыптастыруға көмектесу
- Фонематикалық есту қабілетін дамыту
- Артикуляциялық аппаратты жетілдіру
- Оқушылардың сөздік қорын байыту
- Байланыстырып сөйлеу дағдысын қалыптастыру
- Танымдық қабілеттерін дамыту
- Ата-аналар мен педагогтарға әдістемелік кеңес беру
- Баланың коммуникативтік қабілетін арттыру
- Жеке және топтық түзету сабақтарын ұйымдастыру

ЛОГОПЕД МҰҒАЛІМНІҢ НЕГІЗГІ ҚҰЖАТТАРЫ:

- Балалардың сөйлеу тілін тексеру журналы
- Тіркеу журналы
- Жеке сөйлеу карталары
- Жеке дамыту-түзету бағдарламасы
- Қатысу табелі
- Жұмыс кестесі
- Жылдық жоспар
- Күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау
- Сабақ жоспарлары
- Диагностикалық материалдар
- Түзету жұмыстарының есебі
- Ата-аналармен жұмыс папкасы
- Кеңес беру журналы
- Әдістемелік материалдар жинағы
- Мониторинг нәтижелері
- Жеке және топтық сабақ кестесі

ЕББҚ бар оқушыларға сабақ ұйымдастыру ерекшеліктері:

Инклюзивті сыныптағы сабақ құрылымы

- Жаңа материалды кезең-кезеңімен түсіндіру
- Тапсырмаларды мөлшерлеп беру
- Нұсқаулықты қайталау
- Аудио және визуалды құралдарды қолдану
- Арнайы бағалау жүйесін енгізу

Тапсырмаларды құрастыруға қойылатын талаптар

- Тапсырма ауызша және жазбаша түрде берілуі керек.
- Қысқа әрі нақты болуы тиіс.
- Соңғы нәтиже көрсетілуі қажет.
- Балаға жұмысты аяқтауға мүмкіндік беру қажет.

Бағалауға қойылатын талаптар

- Жақсы мінез-құлықты көбірек атап өту.
- Аралық бағалау жүргізу.
- Қайта орындауға мүмкіндік беру.
- «Есептелді / есептелмеді» жүйесін қолдану.

Оқу мотивациясын қалыптастыру және дамыту

- Балаға мейірімді қарым-қатынас жасау.
- Жеке ерекшеліктерін ескеру.
- Табыс сезімін қалыптастыру.
- Топтық және ұжымдық жұмыстар ұйымдастыру.
- Танымдық қызығушылықты дамыту.

Оқу мотивациясы мен танымдық белсенділікті қалыптастыруда келесі ұсыныстарды ескеру қажет:

- Бағаны, әсіресе көпшілік алдында қоймау.
- Балаларды бір-бірімен жарыстырмау.
- Баланы бір мезетте әрі тәртіпке шақырып, әрі ойлануды талап етпеу.
- Оқу үдерісінен тыс сыйлық немесе марапат уәде етпеу.

ЕББҚ бар балалармен жұмыс жасау кезіндегі қиындықтар

- Балалардың жеке ерекшеліктерінің әртүрлі болуы
- Оқу материалын қабылдау қарқынының баяулығы
- Зейіннің тұрақсыздығы және тез шаршау
- Сөйлеу тіліндегі бұзылыстардың болуы
- Мінез-құлықтағы қиындықтар
- Қарым-қатынас жасау дағдыларының жеткіліксіздігі
- Оқу мотивациясының төмен болуы
- Ата-анамен байланыстың әлсіздігі
- Түзету жұмыстарына уақыттың көп қажет етілуі
- Арнайы әдістемелік материалдардың жеткіліксіздігі
- Әр балаға жеке тәсіл қолдану қажеттілігі
- Инклюзивті ортаға бейімделу қиындықтары
- Эмоциялық тұрақсыздық және мазасыздық
- Құрдастарымен қарым-қатынас орнатудағы қиындықтар
- Мамандар арасындағы бірлескен жұмыстың жеткіліксіздігі
- Сабақ барысында тәртіп сақтаудағы қиындықтар
- Сенсорлық ерекшеліктердің әсері
- Диагностика мен мониторинг жүргізудің күрделілігі

ЕББҚ бар оқушыларда оқуға жағымды мотивацияны қалыптастыру мен дамыту

- Балаға сабырлы әрі мейірімді қарым-қатынас жасау, оны басқа балалармен тең қабылдау.
- Сабақ барысында жұмыс түрлерін, әдіс-тәсілдерді таңдауда баланың жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескеру.
- Баланы басқа балалармен емес, өзінің жетістіктерімен салыстыру.
- Баланың жетістікке жеткенін сезінуіне жағдай жасау.
- Баланың өз мүмкіндігіне, ақыл-ой қабілетіне сенімін қалыптастыру.
- Балаға таңдау жасауға, өз бетінше шешім қабылдауға және өз пікірін айтуға мүмкіндік беру.
- Сабақта оқушыларға жайлы, қолайлы орта қалыптастыру.
- Жетістікке жетуге бағытталған оң көзқарас қалыптастыру.
- Әртүрлі іс-әрекет түрлерін ұйымдастыру.
- Ауызша және жазбаша жұмыстарды алмастырып отыру.
- Жеке және сараланған жұмыстар жүргізу.
- Сабақтың дәстүрден тыс түрлерін ұйымдастыру.
- Сергіту сәттері мен қимыл-қозғалыс жаттығуларын өткізу.
- Ұжымдық және топтық жұмыстар жүргізу.
- Оқушыларды бағалау үдерісіне қатыстыру және өзін-өзі дұрыс бағалауын қалыптастыру.
- Балалардың еңбегінің нәтижесін құрметтеу және орынды талап қоя білу.
- Мадақтау әдісін қолдану.
- Көрнекілік, ойын, кроссворд, сахналау, қызықты тапсырмалар мен жаттығулар арқылы танымдық қызығушылықты арттыру.